

6D030100 — Құқықтану мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Тлешалиев Нурлан Даулеткуловичтің «Қамаққа алу жаза түрі ретінде: қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері» тақырыбында дайындалған диссертациясына отандық ғылыми кеңесшінің

ШКІРІ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып, қылмысқа қарсы іс-қимыл бойынша шаралардың тиімділігін арттырудың құқықтық механизмінің сан алуан арсеналын пайдалана отырып жүргізіліп отырған қылмыстық саясатты тиімді іске асырады.

2014 жылғы 3 шілдеде қабылданып, 2015 жылғы 1 қаңтарда заңды күшіне енген Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 39-бабында қылмыстық жазаның мәжбүрлі сипатын, жаза мақсаттарын (әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғанды түзеу, сотталған адамның да және басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасауының алдын алу) және қылмыстық жазаны тағайындау мен орындаудың міндетті шартын (тән азабын шектірмеу, адамның қадір-қасиетін қорламау) түртіп өтетін оның мәні, мазмұны анықталған

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде көзделген жазалар ішінде, қамаққа алу өзінің маңыздылығы жағынан ерекше орын алады. Қылмыстық кодекске сәйкес, қамаққа алу сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауды білдіреді. Қамаққа алу он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Ұстап алу мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады. Қамаққа алу кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға тағайындалмайды. Әскери қызметшілер қамақта болуды гауптвахтада өтейді. Жазаны ауыстыру кезінде қамаққа алу мерзімі осы бапта белгіленген ең төменгі шектен төмен болуы мүмкін деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару кодексінің 83 бабына сәйкес, Сотталғандар қамаққа алу түріндегі жазасын сотталған жеріндегі арнаулы қабылдау орындарында, тергеу изоляторларының оқшауланған учаскелерінде өтейді. Әскери қызметшілер қамаққа алу түріндегі жазасын гауптвахтада өтейді деп көрсетілген.

Бірақ та, қылмыстық кодекстің 467 бабының 1-1 тармағына сәйкес, 45-бабының ережелері әскери қызметшілерге қатысты және ҚК 41-бабы алтыншы бөлігінің 1) тармағында, 42-бабы бесінші бөлігінің 1) тармағында және 43-бабы 2-

1-бөлігінің 1) тармағында көзделген жағдайларда – 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал қосымша жаза түрі ретінде шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу тағайындалған адамдарға қатысты 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады деп белгілей отырып, оның қолданысы 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын деп белгіленген.

Осылайша, қамаққа алу жазасын тағайындау және орындау мәселелері мемлекет көлеміндегі үлкен мәселелердің бірі болып есептеледі. «Қамаққа алу жаза түрі ретінде: қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері» атты диссертациялық тақырып Қазақстан Республикасында алғашқы ғылыми жұмыс болып есептеледі.

Диссертацияны талдау кезінде Н.Д. Тлешалиев қамаққа алу тақырыбына арналған шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми әдебиеттеріне, еңбектеріне, көз-қарастарына, тәжірибелік қызметкерлердің пікірлеріне, Қазақстан Республикасының бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мәліметтеріне, соттардың үкімдеріне, қылмыстық және қылмыстық атқару кодекстеріне, ведомствалық нормативтік-құқықтық актілеріне шолу жасай отырып, қамаққа алудың қысқа мерзімдері мен қатаң оқшаулауымен, және де бас бостандығынан айырумен салыстырғанда жазаның шығыны аз түрімен байланысты жазаның түрі секілді оның тиімділігін ескере отырып, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасаған үшін де жазаның негізгі түрі ретінде қамаққа алуды қосу арқылы жазаның осы түрін қолдануды кеңейту керек екендігін қолайлы екендігіне және отандық қылмыстық заңнама мен қылмыстық-атқару заңнамаларының бірнеше баптарына маңызы бар толықтырулар мен өзгертулер ұсынуда.

Автор тұжырымдайтын теориялық ұстанымдар, ғылыми нәтижелер қамаққа алу жазасын реттейтін қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларын, ведомствалық нормативтік-құқықтық актілерді жетілдірудің теориялық негіздемесі ретінде пайдаланылуы мүмкін, сонымен қатар осы салада одан ары ғылыми зерттеулер жүргізуге негіз бола алатын, алғашқы аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Н.Д. Тлешалиевтың «Қамаққа алу жаза түрі ретінде: қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері» тақырыбында дайындалған диссертациясы жоғары деңгейде орындалған және жақсы ойластырылған, зерттелетін тақырыптары бойынша жаңашылдығымен, практикалық және теориялық маңыздылығымен жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Автор тақырыптың негізгі аспектілерін мақсаттар мен міндеттер шеңберіне байланыстыра отырып, ғылыми жұмысты орындау барысында оған қол жеткізген. Жұмыс логикалық және дәйекті құрылымға ие, бұл жеткілікті дәрежеде қамаққа алу жазасының сипаттамалары мен ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Жұмыстың жазылуының теориялық деңгейі, тілі және жазу дағдылары, толықтығы, нақтылығы, бөлімдердің логикалық тұрғыдағы байланысы жұмыстың жоғары

деңгейде жазылғанын білдіреді және зерттелу деңгейінің жаңа материалдармен толыққаны, жеке тұжырымдарының маңыздылығы автордың ғылыми жұмысты орындаудағы артықшылығы жеке еңбегі деп есептеуге болады.

Тлешалиев Нурлан Даулеткулович 2017-2020 жылдар аралығында Каспий қоғамдық университеті «Әділет» жоғары құқық мектебінде «6D030100 — Құқықтану» мамандығы бойынша докторантурада оқыды. Он бес жыл құқық қорғау органдарында қызмет еткен. Үйленген, төрт баланың әкесі, құқық саласында 15 жылдың ғылыми-педагогикалық өтілі бар. Құқықтану саласының өзекті мәселелеріне арналған 50 ден аса ғылыми еңбектері бар, оның ішінде төрт оқу құралы, скопус, web of science базасында мақалалары жарияланған. «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша докторантураның оқу-жоспарына сәйкес, 2017 жылы Украина, Одесса қаласының «Одесса ұлттық университетінің құқықтану академиясында» және 2018 жылы Германия, Висмар қаласында орналасқан «Hochschule Wismar» университетінде ғылыми тағылымдамадан өткен.

Н.Д. Тлешалиев Каспий қоғамдық университеті «Әділет» жоғары құқық мектебінде «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша докторантурасының докторанты бола тұра таңдаған ғылыми жұмыс тақырыбына қызығушылығымен, жан-жақтылығымен, еңбекқорлығымен, жауаптылығымен, ұқыптылығымен көрсете білді, ғылыми жұмыстың өзектілігі, ғылыми жаңалығы, мақсаттары мен міндеттері, қорғауға шығарған тұжырымдары өте өзекті. Әр бір жазған ғылыми мақалалары, ғылыми еңбектің тараулары, қорытындылары теориялық және тәжірибелік мәселелерді зерделей отырып нақтылап қарастырылған.

Қорыта келгенде, «Қамаққа алу жаза түрі ретінде: қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері» тақырыбындағы диссертация белгіленген талаптарға сәйкес жоғарғы деңгейде жазылған және де сапалы орындалған ғылыми жұмыс ретінде бағаланады, ал автор Н.Д. Тлешалиев «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайықты деп есептейміз.

**Каспий қоғамдық университеті
«Әділет» Жоғары құқық мектебінің профессоры
заң ғылымдарының докторы, профессор
ҚР ПМ еңбек сіңірген қызметкері**



Т.К. Акимжанов

« » _____ 2023 жыл